

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
(Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі)Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2014 жылғы 12  
маусымдағы № 645 қаулысыПравительство Республики Казахстан  
(Премьер-Министр РК)

## Тіркелген тарифтерді бекіту туралы

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 7-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге тіркелген тарифтер бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 12 маусымдағы  
№ 645 қаулысымен  
бекітілген

### Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге тіркелген тарифтер

*Ескерту. Тарифтерге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.03.2015 № 148 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

Электр энергиясын алу үшін пайдаланылатын жаңартылатын энергия көздерінің технологиясы
--



Р /с №		Тариф мөлше-рі, тенге/ кВтсағ. (ҚҚС-сыз)
1	Жел энергиясын түрлендіру үшін қуаты 100 МВт «Астана EXPO-2017» жел электр станциясының жобасы үшін тіркелген тарифті қоспағанда, жел электр станциялары	22,68
1-1	Жел энергиясын түрлендіру үшін қуаты 100 МВт «Астана EXPO-2017» жел электр станциясы	59,7
2	Қазақстандық кремний (Kaz PV) негізінде күн сәулесінің энергиясын түрлендіру үшін фотоэлектрлік модульдерді пайдаланатын күн электр станцияларының жобалары үшін тіркелген тарифті қоспағанда, күн энергиясын фотоэлектрлік түрлендіргіштер	34,61
3	Шағын гидроэлектр станциялары	16,71
4	Биогаз қондырғылары	32,23